




positioning
patients for life.®

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4535BOS және RT-4535BOSMRI

BoS™ бас жақтауы

Бассүйек негізі





EC REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta		АҚШ-та жасаған өндіруші: Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
--------	---	--	--

Fibreplast® – Qfix компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Aquaplast RT және BoS – Qfix компаниясының сауда белгілері.

MOLDCARE® – Alcare Co, Ltd компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Cidex® – Johnson and Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР	4
МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	4
НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ФУНКЦИЯЛАРЫ	7
СИПАТТАМАСЫ	7
ҚАЖЕТ КЕРЕК-ЖАРАҚТАР	7
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	8
ОРНАТУ	8
БАПТАУ	12
ШЫҒАРЫП АЛУ	12
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	13
ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ	13
ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ	13
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	14
RT-4535BOS ЖӘНЕ RT-4535BOSMRI	14
ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ	14
БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ	15

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ПРОТОНМЕН ЕМДЕУ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ДОЗА ТЕРЕҢДІГІ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ АЙМАҚ ӘСЕРЛЕРІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің Құзыретті органына да хабарлаңыз.

ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР

- Әрқашан BoS бас жақтауын тиісті монтаждау адаптерлерінің көмегімен процедуралық үстелге бекітіңіз.
- BoS бас жақтауын ешбір жолмен өзгертуге БОЛМАЙДЫ.
- Егер ол қандай да бір жолмен өзгертілсе немесе бүлінсе, BoS құрылғысын қолдануға БОЛМАЙДЫ.
- Емделуші құрылғыға жатпай тұрып, оның жылжымалы консольдегі бөлігіне ешқашан жүк түсірмеңіз. Құрылғының жылжымалы консольдегі бөлігі емделуші басының салмағын ғана ұстауға арналған. Емделушіге құрылғының осы бөлігіне сүйенуіне ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ.
- Әрқашан емделушіні жоғарғы денесі бөлігі мен бас аймағын сүйеу арқылы BoS құрылғысына жатуға және одан тұруға көмектесіңіз.
- Үстел бетін жылжытпас бұрын, емделушінің бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

МРТ жүйесінің күшті магнит өрісі ферромагниттік заттарды тартады және олардың кенеттен және үлкен күшпен қозғалуына себеп болуы мүмкін. Адаптерлерді BoS MRT жүйесіне бекіту үшін металл бұрандаларды пайдалануға БОЛМАЙДЫ. Ферромагниттік немесе электр өткізгіш компоненттермен немесе керек-жарақтармен бірге қолдануға БОЛМАЙДЫ.

НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Тақтада көрсетілген максимум консоль позициясында 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден АСЫРМАҢЫЗ.

! ЕСКЕРТПЕ ! Түпнұсқа жабдық өндірушісінің үстел табанымен біріктірілген кезде, номиналды жүктеме екі қауіпсіз жұмыс жүктемесінің төменгісі болады. kVue үстел бетіне түсетін жүктеме түпнұсқа үстел табаны өндірушісінің техникалық сипаттамасынан АСПАУЫ керек. Түпнұсқа жабдық өндірушісі берген өнім құжаттарын қараңыз.


ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



НЕМЕСЕ



НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Тақтада көрсетілген максимум консоль позициясында 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден АСЫРМАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ

Үстел бетінің BoS құрылғысын қызғылт-сары сызықтан әрі асыруға БОЛМАЙДЫ. Құрылғының жылжымалы консольдегі бөлігі емделуші басының салмағын ғана ұстауға арналған; бұл бөлікке түсірілетін салмақ шегі – 10 кг (22 фунт).

МРТ ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Қандай да бір МР ортасының ықпалына ұшырау нәтижесінде ешқандай қауіп байқалмаған элемент. «МР ортасында қауіпсіз» элементтер электр тогын өткізбейтін, металдан жасалмаған және магнитсіз материалдардан тұрады.

МРТ ОРТАСЫНДА ҚОРҒАЛҒАН

Егер бар болса, бұл сурет құрылғы немесе керек-жарақ МРТ ортасында қауіпсіз екенін және оны басқа МР ортасында қорғалған немесе МР ортасында қауіпсіз құрылғылармен бірге пайдалануға болатынын көрсетеді. МР ортасында қорғалған керек-жарақты МР ортасында қауіпті немесе МР ОРТАСЫНДА ҚОРҒАЛМАҒАН құрылғымен бірге МРТ-да қолдануға БОЛМАЙДЫ.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан пациенттерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ФУНКЦИЯЛАРЫ

СИПАТТАМАСЫ

BoS – емделушіні қозғалтпай ұстау және сәуле беру үшін протондық терапияның бірегей талаптарын орындауға арналған. Сондай-ақ оны протон (Linac), рентген негізіндегі диагностикалық визуализация және модельдеу үшін қолдануға болады. «MP ортасында қауіпсіз» нұсқаны MPT аппаратында да қолдануға болады.

ҚАЖЕТ КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

BoS бас жақтауына арналған Aquaplast RT™ немесе Fibreplast® маскасы.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ


BoS ҚҰРЫЛҒЫСЫН ОРНАТУ

1. BoS құрылғысын емдеу үстеліне, симуляторға немесе КТ үстел бетіне қойыңыз.
2. Құрылғының төменгі бөлігінен индекстеу адаптерін табыңыз. Орнатудың басқа әдістерін білу үшін Qfix компаниясына +1 484-720-6054 нөмірі немесе info@Qfix.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.
3. Индекстеу адаптерін процедуралық үстел бетіндегі нөмірленген ойықтарға салыңыз. BoS үстел бетіне сәл басылған кезде бекітіледі.
 - Нөмірленген ойықтары жоқ процедуралық үстел бетінің тақталары үшін тақтаның бүйірлеріне және бағыттағыш тіректер астына тығыз тиіп тұратын бекіту адаптерін пайдаланыңыз.
 - Алынбалы теннистік ракеткалы үстел бетінің ендіrmесі пайдаланылса, сәйкес келуі үшін ендіrmені қайырып қою қажет болуы мүмкін.


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

BoS™ 2.1 ІСТІГІН ШЫҒАРЫП АЛУ НҰСҚАУЛАРЫ

1. Шығарып алу үшін $\frac{1}{8}$ дюймдік оймакілтекті бұрағышты пайдаланып, үстіңгі бұранданы бұрап алыңыз. (1-сурет).
2. Жалпақ басты атауызды пайдаланып, BoS 2.1 істігін жалпақ жақтарынан ұстап, шығарып алу үшін төмен қарай тартыңыз. (2-сурет).
3. 1 және 2-қадамдарды аяқтағаннан кейін, BoS™ 2.1 істігіне арналған орнату нұсқауларын орындаңыз.




1-сурет



2-сурет

BoS™ 2.1 ІСТІГІН ОРНАТУ НҰСҚАУЛАРЫ

Тесік арқылы бұранда басы ішкі бетте болатындай етіп (1) M3 PHS бөлшегін салыңыз. Бұранда басын саусақ ұшымен орнында ұстаңыз. (3-сурет).




3-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


BOS ІСТІГІН АУЫСТЫРУ

1. (1) BoS 2.1 істігін бұrandаның шығып тұрған ұшына бірнеше айналдырып бұраңыз. (4-сурет).




4-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! ҚАТАЙТЫП БҰРАМАҢЫЗ. Жинақтағы істік тесікте бос болуы керек. (5-сурет).



5-сурет


2. Жалпақ басты атауызды пайдаланып, BoS 2.1 істігін жалпақ жақтарынан ұстаңыз. (6-сурет).



6-сурет

3. Жинақты тесікпен ақырын туралаңыз және істік мойнын тесікке итеріңіз. (7-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Шамадан тыс күш салу немесе тураланбау салдарынан істік мойны зақымдалуы мүмкін, ал бұл істіктің дұрыс салынбауына себеп болады.



7-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

BOS ІСТІГІН АУЫСТЫРУ

4. Бұранданы $\frac{1}{8}$ дюймдік оймакілтекті бұрағышпен тірелгенше қатайтыңыз. (8-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Тым қатты тартпаңыз, себебі бұл ауыстыруды қиындатуы мүмкін.

5. Қалған тесіктермен осы әрекеттерді қайталаңыз.



8-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

1. BoS көбік бас/мойын тірегінің құрылғының мойын аймағына қойыңыз.


- Көбік бас/мойын тірегінің орнына MOLDCARE® қолданылуы мүмкін. Qfix компаниясы BoS бас жақтауымен пайдалану үшін RT-4492U құрылғысын ұсынады.
- BoS маскасының шөгуінің компенсациясы үшін көбік тығыздағышты (RT-4485) қолдануға болады.

2. Емделушіні BoS төменгі бөлігіне отырғызыңыз.

3. Емделушінің аяқтарын процедуралық үстел бетіне көтеріп, бұрыңыз. Емделушінің басы мен мойны көбік жастыққа немесе MOLDCARE® жастығына ыңғайлы болғанша емделушіні ақырын артқа қарай жатқызыңыз.


- **Модельдеу:** емделушіге Aquaplast RT немесе Fibreplast маскасын жасаңыз. Қосымша ақпаратты Aquaplast RT/Fibreplast пайдалану нұсқаулығынан (PN 2002890) қараңыз.

- **Емдеу:** алдын ала дайындалған масканы емделушіге кигізіп, BoS құрылғысына бекітіңіз.




9-сурет: Көбік тығыздағыш (RT-4485)


! ЕСКЕРТПЕ ! BoS маскасы BoS құрылғысындағы істіктерге бекітілген кезде масканың дәнекерленген жағымен (12-суретті қараңыз) емделушіге қатысты сыртқа қарап пішінделетіндей жасалған. Масканы жақтауы бар жағын (11-суретті қараңыз) төмен қаратып, су ваннасына немесе пешке және масканы қалыптастыру кезінде емделушіге қаратып орналастырыңыз. Жақтауды BoS құрылғысына бекітудің ең оңай жолы – алдымен 10-суретте «А» әрпімен белгіленген істікті бекіту.



10-сурет



11-сурет: Жақтау бүйірі



12-сурет: Дәнекерленген жағы

ШЫҒАРЫП АЛУ

1. Масканы емделушіден алыңыз.
2. Емделушіні құрылғыдан тұрғызыңыз.
3. Құрылғыны үстел бетінен алыңыз.
4. Индекстеу адаптерін үстел бетінен алыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, олар BoS бас жақтауы бетін тазалауға жарамды деп танылды. Құрылғы бетін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су

Бекіткіштердің мықтап қатайтылғанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

BoS құрылғысына өткір заттарды қоюға БОЛМАЙДЫ.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ


RT-4535BOS ЖӘНЕ RT-4535BOSMRI

ҰЗЫНДЫҒЫ: 1181 мм


САЛМАҚ ШЕГІ: тақтада көрсетілген максимум консоль позициясында 159 кг (350 фунт) біркелкі бөлінген жүктеме.

ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ

BoS құрылғысы сәуле шоғын әлсіретеді. Қосымша үстел беті арқылы емдеу жалпы сәуле әлсіреуін арттырады. Кез келген құрылғы арқылы, тіпті көміртегі талшығынан жасалған құрылғы арқылы процедураны жүргізу емдеу шоғына әсер етеді және теріге әсер ететін дозаны арттыруы мүмкін. Баптауға негізделген іс жүзіндегі әлсіреуді сіздегі нақты жабдықпен тексеру қажет.



БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ



1. RT-4485CL2 – BoS істік жинағы



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

☎ +1 610.268.0585 / 800.526.5247

🖨 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

✉ sales@Qfix.com

2001521_KK_A
2023-07